

2025 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтерді бекіту туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 20 қазандағы № 1658 қаулысы

"Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2025 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 7 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданады.

Әкім

М. Жүндібаев

Қостанай қаласы әкімдігінің

2025 жылғы "20" қазан

№ 1658 қаулысына

қосымша

2025 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер

			айына 1 көрсетілетін	күніне 1 көрсетілетін
--	--	--	-------------------------	--------------------------

№	арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымның атауы	үлгісі	қызметтерді алушыға тариф (теңгемен)	қызметтерді алушыға тариф (теңгемен)
1	"Әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	үйде күтім жасауды ұйымдастыру	37294.47	1695.20
2	"Өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғаларға(отбасыларға) арналған бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	уақытша болуды ұйымдастыру	105680,6	3409,05
3	"Белгіленген тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	уақытша болуды ұйымдастыру	288662.46	9311.7
4	Түнгі тұру бөлімі "Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	уақытша түнде қонуды ұйымдастыру	42119.24	1358.7
5	"Асыл арман" реабилитациялық мүгедектерді оңалту орталығы" қоғамдық бірлестігі	жартылай стационар (тұрақты сырттан қарауды қажет ететін психоневрологиялық патологиясы бар бірінші және екінші топтағы мүгедектерге)	232 331.2	10560.5
6	"Асыл арман" реабилитациялық мүгедектерді оңалту орталығы" қоғамдық бірлестігі	жартылай стационар (психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларға)	297559,87	13525.45
	"Қазақстандық жыныстық және			

7	репродуктивті денсаулық қауымдастығы" қоғамдық бірлестігі	уақытша болуды ұйымдастыру	238338,71	7688,35
---	--	-------------------------------	-----------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК